

**Протокол общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: Проект  
Нормативы эмиссий допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу  
«Реконструкция аэродрома со строительством ИВПП-2, рулежных дорожек в  
аэропорту г. Шымкент»**

1. Наименование местного исполнительного органа административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), на территории которого осуществляется деятельность, или на территорию которого будет оказано влияние:

*ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент»*

*ГУ «Аппарат акима Абайского района г. Шымкент»*

2. Предмет общественных слушаний:

*Проект Нормативы эмиссий допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу «Реконструкция аэродрома со строительством ИВПП-2, рулежных дорожек в аэропорту г. Шымкент»*

3. Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), в адрес которого направлены документы, выносимые на общественные слушания.

*РГП на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды»*

4. Местонахождение намечаемой деятельности:

*Республика Казахстан, г. Шымкент, Абайский район, Аэропорт города Шымкент*

*Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 42°21'58.87" С; 69°29'35.17"*

5. Наименование всех административно-территориальных единиц, затронутых возможным воздействием намечаемой деятельности:

*Республика Казахстан, г. Шымкент, Абайский район, Аэропорт города Шымкент*

6. Реквизиты и контактные данные Инициатора:

*АО «Аэропорт Шымкент», юр. адрес: г. Шымкент, Абайский район, ул. Бакбаева 51/3.  
БИН 970140000162. E-mail: [reception@airserver.kz](mailto:reception@airserver.kz), +7 701 555 30 86*

7. Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы.

*ИП «Оркен», +7/701/8474319, [iporken@inbox.ru](mailto:iporken@inbox.ru)*

8. Дата, время, место проведения общественных слушаний (дата(-ы) и время открытого собрания общественных слушаний):

**07 ноября 2025 г., в 15.00 часов, г. Шымкент, Абайский район, ул. Бакбаева 51/3, этаж 1, VIP зал.**

**Ссылка на платформу для видеоконференцсвязи:**

**<https://us05web.zoom.us/j/88512141666?pwd=X9UxCtLisj5b0Fj9SavT2wuqYb6KrV.1>**

**Идентификатор конференции: 885 1214 1666. Код доступа: C8w8Br.**

9. Копия письма-запроса от Инициатора и копия письма-ответа местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), о согласовании условий проведения общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний.

**Приложение 1:**

**Письмо-запрос от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города) исходящий номер: 25530217001, Дата: 02.10.2025 г.**

**Письмо-ответ инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний исходящий номер: 25530217001, Дата: 02.10.2025 г.**

10. Регистрационный лист участников общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний.

**Приложение 2:**

**Регистрационный лист участников общественных слушаний**

11. Информация о проведении общественных слушаний распространена на казахском и русском языках следующими способами:

1) в Информационной системе (<https://ndbecology.gov.kz>).

**Дата публикации: 02.10.2025 г.**

2) на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы) или официальном интернет-ресурсе государственного органа-разработчика

**<https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar>**

**Дата публикации: 02.10.2025 г.**

3) в средствах массовой информации, в том числе, не менее чем в одной газете, и посредством не менее чем одного теле- или радиоканала, распространяемых на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), полностью или частично расположенных в пределах затрагиваемой территории, не позднее чем за двадцать рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний:

**Приложение 3:**

**Газета «КЫЗМЕТ» под №36 (728) от 26.09.2025 г.**

**Приложение 4:**

**Эфирная справка объявления в реальном времени, телеканал СМТ – «Ontustik» 25.09.2025 г.**

4) в местах, доступных для заинтересованной общественности на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов

республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения, сел, поселков, сельских округов), в количестве 2 (двух) объявлений по адресам:  
- г. Шымкент, Абайский район, ул. Бакбаева 51/3, 1 этаж, VIP зал;  
- здание Акимата, ГУ Аппарат акима Абайского района г. Шымкента, ул. Нурсат 60.

**Приложение 5:**

**Фотоматериалы о размещении объявлений.**

12. Решения участников общественных слушаний:  
**О выборе секретаря общественных слушаний. В качестве секретаря общественных слушаний избран: Калымбетова Эльмира Дуйсенбаевна техник по учёту 1-й категории АО "Аэропорт Шымкент".**  
Проголосовало "за"- 20, "против"- 0, "воздержались"- 0.

**Об утверждении регламента проведения общественных слушаний.**

**Регистрация участников общественных слушаний – 7 мин.**

**Открытие общественных слушаний в согласованное время. Утверждение регламента, председателя и секретаря общественных слушаний – 7 мин.**

**Выступления докладчиков (продолжительность устанавливается отдельно в каждом конкретном случае) – 10 мин.**

**Обсуждение докладов (продолжительность устанавливается в каждом конкретном случае) – 10 мин.**

**По докладом заслушиваются замечания и предложения участников общественных слушаний. Докладчики, в свою очередь, отвечают участникам общественных слушаний на их замечания и предложения.**

**Подведение итогов общественных слушаний (продолжительность устанавливается в каждом конкретном случае) – 6 мин.**

**Участники утвердили регламент проведения общественных слушаний:**

**Проголосовало "за"- 20, "против"- 0, "воздержались"- 0.**

13. Сведения о всех заслушанных докладах:

**Жанабайқызы Индира**

(фамилия, имя и отчество (при наличии) докладчика, должность, наименование представляемой организации)

**Приложение 6:**

**Тексты докладов по документам, выносимым на общественные слушания.**

14. Сводная таблица, которая является неотъемлемой частью протокола общественных слушаний, и содержит все замечания и предложения заинтересованных государственных органов и общественности, представленные в письменной форме в соответствии с пунктом 18 настоящих Правил или озвученные в ходе проведения общественных слушаний; ответы и комментарии Инициатора по каждому замечанию и предложению. Замечания и предложения, явно не имеющие связи с предметом общественных слушаний, вносятся в таблицу с отметкой "не имеют отношения к предмету общественных слушаний".

**Приложение 7: Сводная таблица замечаний и предложений, полученных до и во время проведения общественных слушаний.**

№ пп	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы,	Ескертпе (алынған ескерту немесе ұсыныс, "тақырыпқа қатысы
------	---	---	--

		ұсынылатын ұйымның атауы))	жоқ қоғамдық тыңдаулар")
1.	<p>Молдабеков Біржан: осы аэропорттың жанында тұрамын, осы ұшып қонып жатқан кезде самолеттің экологиялық қанша әсері бар?</p> <p>Ал өзі установленный норма қанша?</p> <p>Ол қазір 1 ПДК-ға жетпеді ғой түсінгенім?</p>	<p>Шаймуханов Н. Х.: оның әсері халыққа тиімді, өте жеңіл қалпын табылады өйткені 1 ПДК-ға жетпейді шығарымдылары (выбросы в атмосферный воздух не дости гют 1 ПДК установленной нормы).</p> <p>1 ПДК – предельно допустимая концентрация. Әрбір вещество, зиян келтіреді деп отырсыз ғой, әрбір химический вещество ол « ПДКөдан аспау керек.</p> <p>Ия, сол 1 ПДК-ның мөлшерінде.</p>	ескерту жойылды
2.	<p>Молдабеков Біржан: самолеттердің даусы қатты шығады ғой, шум ол қалай болады, мынау мысалы жақын тұрған үйлерге?</p> <p>Осы нәрселер проекте бар ма сіздердің?</p>	<p>Шаймуханов Н. Х.: ол санитарно защитная зона деген бар соған байланысты, сосын шумоизоляция, звукоизоляция деген мероприятиялар болуға тиісті, забор орнатқандай. Сосын ол ұшып кете бастағанда звук барлығы тыныштала бастайды, отдаленностьке қарай.</p> <p>Санитарно-защитная зонаны негізі біз бақыла алмаймыз, оны СЭС бақылайды.</p>	ескерту жойылды
3.	<p>Молдабеков Біржан: қай бір жыл естеріңізде болса, біз осы жерде тұрғындар біраз айға шу шығарып едік жықын тұру, жақын орналасқан деп, мын қазір екінші полоса да тұра үйлерге жақын болып тұр, бұл қалай болып жатыр, қалай шешіліп жатыр?</p>	<p>Шаймуханов Н. Х.: оны енді рабочий проекте заключение алынды, сол аключенияға байланысты олар определение санитарноооащитной зоны жасады, сол проект бойынша қазір сол мөлшерілге негізі сәйкес, түбінде жоспарлар бар, акиматқа шағым түсірлген, санитарн-</p>	ескерту жойылды

защитная зоны  
альстатуға. Сол жұмысты  
Женіс толықтау айтып  
бере алады ол жағын.

Андас Ж. Қ.: бізде  
авиационная  
администрация ұйымы  
бар Астанада. Мына  
жерде қараныз  
действующая полоса міне  
и действующая полосада  
900 м деген огни  
приближения деген  
болады. Сонымен  
жолымен 1 км ары забор  
тұр и үйлер басталып тұр.  
Авиационная  
администрация келіп  
мына үйлер тым жақын,  
сондай шешім қабылдап  
сосын байқасандар  
үйлердің үстіне қызыл  
жақшамдар жағып  
қойғанбыз, самолет қонып  
жатқан кезде, туманды  
кезде көрінбей, видимость  
нашарлығы кезінде сол  
самолет үйлеге тиіп  
кетпесін деп шара  
қолдандық. Енді соны  
проектировщиктар сол  
моментті еске алып мына  
жерде действующий  
полоса и одан екеуі  
параллельно тұрып, бірақ  
кішкене ары тұр мынадан  
қарасаныз, одан ары и  
плюс мына жерде 900 м.  
жолға огни приближения  
болса бізде забор и ол  
мына жақта сол есеппен  
осын жаңа жолақ  
соғылған негізі. Негізі  
қйлерден алыстату  
мәселеден келе жатыр.  
Мына жерде бағана  
санитарно защитная зона  
100 метр зона қарап  
жатыр. 100 метр зона  
қорғау аймағы. Қазыр сол  
проектировщиктар үйден

		алыс жақтап мына жерден бастап соғып жатыр, соған байланысты. Жалпы сол.	
--	--	--	--

15. Мнение участников общественных слушаний о проекте и качестве рассматриваемых документов (с обоснованием), заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, рекомендации по их улучшению: Председатель общественных слушаний: Ермекбаева Гульнара Ермекбаевна начальник отдела Управления развития комфортной городской среды города Шымкент.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование представляемой организации, мнения и рекомендации)

- Все предоставленные материалы (доклады) соответствуют проектной документации.

- Общественные слушания Проекта Нормативы эмиссий допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу «Реконструкция аэродрома со строительством ИВП-2, рулежных дорожек в аэропорту г. Шымкент» состоялись.

- Протокол будет составлен на казахском и русском языках, подписан и в течение 2-х рабочих дней размещен в Информационной системе.

*Общественные слушания в форме открытого собрания состоялись и объявляются завершенными.*

16. Обжалование протокола общественных слушаний возможно в судебном и досудебном порядке согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу Республики Казахстан.

17. **Председатель общественных слушаний:**

Ермекбаева Гульнара Ермекбаевна - начальник отдела Управления развития комфортной городской среды города Шымкент.

Дата 07.11.2025 Подпись [Подпись]


(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)

18. **Секретарь общественных слушаний:**

Калымбетова Эльмира Дүйсенбаевна техник по учёту 1-й категории АО "Аэропорт Шымкент".

Дата 07.11.2025 Подпись [Подпись]

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)



# Приложение 1.

Приложение 3.  
к Правилам проведения  
общественных слушаний

## Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25530217001, Дата: 02/10/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25530217001, от 02/10/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету ПРОЕКТ НОМАТИВОВ ЭМИССИИ В ОКРУЖАЮЩЮЮ СРЕДУ НОРМАТИВЫ ДОПУСТИМЫХ ВЫБРОСОВ ЗАГРЯЗНЯЮЩИХ ВЕЩЕСТВ В АТМОСФЕРУ «Реконструкция аэродрома со строительством ИВПШ-2, рулежных дорожек в аэропорту г. Шымкент», в предлагаемую Вами 07/11/2025 15:00, г. Шымкент, Абайский район, улица Бакбаева 51/3, этаж 1, VIP зал(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выдается на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предлагаем, предлагаем Вам способы распространения объявлений о проведении общественных слушаний", или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».







«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Акционерное общество "Аэропорт Шымкент" (БИН: 970140000162), +7(725)-245-50-30, otios@air.server.kz,





*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Регистрационный лист участников общественных слушаний по Аэропорту г. Шымкент.

07.11.2025г.

№ п/п	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника	Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора)	Контактный номер телефона	Формат участия (очно или посредством конференцсвязи)	Подпись (в случае участия на открытом собрании)
1	2	3	4	5	6
1	Асденков Д. А.	АО "Аэропорт Шымкент"	8707602014	очная	
2	Корогод В. В.	АО "Аэропорт Шымкент"	8701324368	очная	
3	Жуангулов Б. М.	Туратик	8476556190	очная	
4	Молдобаев Б. К.	Туратик	8777531530	очная	
5	Исмаилов С. И.	Туратик	87079910705	очная	
6	Зиндбаева Т. Э.	Чашамань Жайык орман бағамын бақарашан	840748857-56	очная	

7	Моканба А. А.	Түрпөн	8441499465	02мар	Алты
8	Оргаденова М. Ш.	Түрпөн	84052966777	02мар	Дант.
9	Шабдуллаева А. Та.	Түрпөн	87072740262	02мар	Алты
10	Шагурагунова Ш. Д.	АО "Биронор. Уюмкерс"	+4(885)733-40-15	02мар	Жулдыш
11	Кыркеева Р. Л.	АО. Шалкеев	87788579807	02мар.	Алты
12	Керкуева К. К.	Түрпөн	84070242567	02мар	Алты
13	Тамыба А. К.	Түрпөн	87774916897	02мар	Алты
14	Токмучаева М.	Түрпөн	87789927555.	02мар	Алты
15	Камба З.	Түрпөн	87757635803	02мар	Алты.
16	Кыраба С.	Түрпөн	84752419918	02мар	Алты

17	Мембаров. Е. Ж.	ТЕҒРІБІН	8-705-649-50-45	Орман	
18	Сағызумов Б. М.	ТҒҒРІБІН	87076908574	Орман	
19	Кіеуел А. А.	АД, Агропорт Урман	87071806890	Орман	
20	Әхметов А. Р.	СД, Спорт Урман	87052348111	Орман	
21					
22					
23					
24					
26					
25					



ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ КІМДЕР  
АЛА АЛАДЫ: ТІЗІМ ШЫҚТЫ

2



БАЛАҒЫЗ ҚАЙ ТІЛДЕ  
СӨЙЛЕП ЖҮР?

5



№36 (728). 26 қыркүйек, 2025 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

# ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



## БҰРЫНҒЫ ӘКЕ *мен* БҮГІНГІ ӘКЕ

Әкесін жерге отырғызып қойып, әлімжеттік жасаған ұлдың видеосын сіз де көрген боларсыз? Көріп жаны ашып, жүрегі ауырғандар қаншама. Бірі жылады, бірінің еңсесі езілді, енді бірі жағасын ұстады, тағы бірі «Мұндай ұлдың барынан жоғы деп» әлгіні тілдеп жатты. Тағы бір топ «Қария қай жерден қателік жіберді екен?» деп талқы жасап, ақыр соңында «Бәлкім кезінде өзі де көресісін көрсеткен болар» деп топшылады. Мейлі ғой, бірақ қол-аяқтан әл кетіп, қартайған шағында қарт адамға қаныпезерлік жасауға болады деп кім айтты? Қорлық көрсетіп, онсыз да қаусап отырған қарияның өмірін күрт үзетін құқықты кім берді? Сұрақ көп, жауап жоқ.

Бұл оқиға біраз адамға ой тастады. Маған да... Ө дегеннен «Әкелердің қадір-қасиеті неге төмендеп кетті? Әкеге деген құрмет неге азайды?» деген сауал келбеңдеп тұрып алды санамда. Артынша көз алдыма өзімнің әкем, өзімнің балалық шағым келе қалды. Біздің үйде әкем жұмыстан келді дегеннен-ақ біріміз жастығын, біріміз газетін дайындап жүгіре беретінбіз. Ол кісінің төрде шынтақтап жатып, газет оқып отырып шай ішетін әдеті бар еді. Соны білетін біз есіктен енді ғана кірген әкеміздің бала болсақ та бар жағдайын жасауға тырысатынбыз. Жо-жоқ, әкеміз бізге қаталдық қылған жан емес. Оның бәрін анамыз үйретіп отыратын. «Әкең келе жатыр» деп басталатын сөз-сөйлемдерінің соңы шашылғанды жинап, жайрағанды реттеп жанталаса кететін іс-әрекетімізбен аяқталатын.

Өзі де әкемнің бар күтімін жасаушы еді. Таңертең жұмысқа кетерде шалбарын қырын пышақтай, көйлегінің жағасын шатырдай етіп дайындайды. Оның жанына жуылып, ыстық үтіктің табанына бірнеше рет басылған бет-орамалды төрт бұрышын түп-түзу етіп бүктеп қояды. Туфлиі шыбын тайып жығылатындай жалтырап, шаң мен кірден түнде-ақ тазаланады.

(Жалғасы 5-бетте).



## ҮЙ АЛУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРҒАҒАҢДАР КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ БАРМАҚ ТІСТЕП ҚАЛУЫ МҮМКІН

Қазақстандағы тұрғын үй нарығына бірқатар факторлар әсер етіп келеді. Оған инфляцияның өсуін, базалық мөлшерлеменің көтерілуін жатқызуға болады. Бұл қатарға келер жылдан бастап салада күтілетін салық реформасын қосыңыз. Сарапшылар бұл баспананың қымбаттауына әкелуі мүмкін деп отыр. Десек те, Үкімет күрт қымбатшылық болмайды деген сенімде. Келесі жылы жаңа Салық кодексіне байланысты енетін өзгерістерден баға шарықтап, нарық тұралап қалмай ма? Қаржы сарапшысы Жеңіс Шәріпұлы баспана нарығында күтілетін өзгерістер туралы пікір білдірді, деп хабарлайды inbusiness.kz сайты.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бір жылда жаңа тұрғын үйлер бағасы – 11,3%-ға, екінші нарықтағы пәтерлер бағасы 8,8%-ға қымбаттаған. Бұл ретте тұрғын үйді жалға алу төлемі 8,5% артқан. Жаңа үйлер құны бір жылда Павлодар (25,8%), Қызылорда, Алматы (15,3%-дан), Шымкентте (14,8%) айтарлықтай өскен. Қайталама нарықта бағаның ең жоғары өсімі Ақтөбе, Павлодар, Алматы қалаларында тіркелген.

"Өздеріңізге белгілі, соңғы бес жылдың ішінде бізде инфляция жоғары. Соның себебінен базалық мөлшерлеме 9 пайыздан 16,5 пайызға көбейді. "Отбасы банк" бағдарламаларын алмайтын болсақ, ипотеканың ставкасы бізде 18-20% процент

боп тұр. 18% – номиналды, 20% – тиімді ставка. Инфляцияның салдарынан бізде мөлшерлеме жоғары және үй бағасының өсуі негізінен инфляцияға байланысты болып тұр. Қазір ипотекаға сұраныс бар ма дегенге келсек, әрине, сұраныс бар, бірақ қазір ипотекалық займның жетпіс пайызы "Отбасы банктен" алынады. Өйткені ставка мөлшері аз. Соңғы жылдары 114-115 мың ипотекалық кредит берілген", – деді қаржы сарапшысы Жеңіс Шәріпұлы.

Оның айтуынша, қазіргі таңда ипотеканың саны артылмай жатыр, әлі сол деңгейде тұр.

(Жалғасы 2-бетте).

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



ҚҰЛДЫҚТАН – СҰЛТАНДЫҚҚА:  
ҚЫПШАҚ МӘМЛҮКТЕРІНІҢ ТАРИХЫ

6




ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИЯТЫН  
ТҮГЕЛДЕГЕН АҒАЛАР-АЙ...

7

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖҮРГІЗУШІЛЕР ҮШІН ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚ

Қазақстандықтар енді көліктің тарихын "ЦОН" мобильді қосымшасы арқылы тексере алады. Бұл туралы 2025 жылғы 22 қыркүйекте "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының баспасөз қызметі хабарлады, деп жазады Zakon.kz.



Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және олардың сапасын арттыру мақсатында қосымшада жаңа "Көлік тарихы" сервисі іске қосылды.

"Жаңа сервис көлікке қатысты толық ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Онда автокөліктің тіркелуі, арест пен кепілде болуы, айыппұлдар, кедендік ресімдеу, утильалым төлемі, ерекше белгілер мен берілген техпаспорттар туралы мәліметтер көрсетіледі. Бұл формат жасырын проблемаларды алдын ала анықтауға, тәуекелдерді азайтуға және көліктің заңдық тазалығына көз жеткізуге жағдай жасайды", – делінген хабарламада.

Сонымен қатар, сервис көлік нарығындағы мәмілелердің ашықтығын арттырып, алаяқтықтың алдын алуға көмектеседі.

Қызметті пайдалану үшін көліктің VIN-кодын енгізу жеткілікті. Ақпарат мемлекеттік деректер базалары мен ақпараттық жүйелерден онлайн режимде тартылады. Сервис "ЦОН" қосымшасында (App Store/Google Play) ЖСН және телефон нөмірі арқылы авторизациядан кейін қолжетімді.

Бір тексерудің құны – 500 теңге. Сондай-ақ пакет ұсыныстары бар:

- 10 тексеру – 4500 теңге,
- 20 тексеру – 8000 теңге.

Айта кетейік, "Көлік тарихы" сервисі алғаш рет 2024 жылдың қазанында eGov.kz порталында, қарашада eGov Mobile қосымшасында іске қосылған. Ал 2025 жылғы 2 қыркүйектен бастап қазақстандықтар көлікті сату-сатып алу келісімшартын да "ЦОН" мобильді қосымшасында онлайн ресімдей алады.

## МЕКТЕПТЕРДЕ ЖАҢА ПӘН ПАЙДА БОЛДЫ

Қазақстан мектептерінде жаңа оқу жылынан бастап жасанды интеллект технологиялары оқу процесіне енгізіле бастады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмасhev ОКҚ-да өткен брифингте мәлімдеді, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

Жоба Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп әзірленген тұжырымдамаға негізделген. Енді ЖИ оқу процесінде қосымша білім беру құралы ретінде қолданылады.

200 мыңға жуық педагог арнайы дайындықтан өтті. Олар бүгінде жаңа бағдарламамен сабақ беріп жүр. Жасанды интеллект – оқытудың сапасын арттыратын,

білімді жан-жақты игеруге көмектесетін құрал. Бірақ ол ешқашан мұғалімді алмастырмайды, педагогтің негізгі рөлі әрқашан сақталады, – деді Жұмасhev.

Ең маңызды жаңалық – енді жаңа оқу жылынан бастап мектеп бағдарламасындағы "Информатика" пәні "Информатика және жасанды интеллект" деп аталады.

## ҰБТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕСТКЕ АЙНАЛАДЫ

Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық бірыңғай тестілеудің мазмұны мен әдістемесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп, ҰБТ-ны халықаралық тестке айналдыруды жоспарлап отыр, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.

Бұл мәселе Нью-Йоркте Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Educational Testing Service (ETS) компаниясының басшылығымен өткен кездесуде талқыланған. Кездесу қорытындысы бойынша сұхбат берген ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, ETS мамандары Ұлттық бірыңғай тестілеудің мазмұны мен әдістемесін қайта қарастырып, сапалы сұрақтар әзірлеуге атсалысады.

«Сексен жылдық тарихы бар, ең ірі тест жасайтын және тестологияны зерттейтін ғылыми орталық – атақты ETS, яғни Educational Testing Service компаниясымен кездесу өтті. Қазіргі таңда біздің ұлттық бірыңғай тестілеудің сапасын күрт өзгерту, мазмұнын толыққанды қарастыру жұмысы осы ең ірі ғылыми орталықпен бірлесіп атқарылады. Келесі айда үлкен зерттеушілер делегациясы Қазақстанға келеді. Осы жұмысты біз жүйелі түрде атқаратын боламыз»,

– деді Саясат Нұрбек.

Министрдің айтуынша, арнайы жұмыс тобы құрылады.

«ETS мамандарының қатысуымен және олардың жетекшілігімен ҰБТ-ның әдістемесі мен мазмұны тереңінен қайта қаралады. Әлемдік деңгейдегі ең үздік мамандар ҰБТ-ның әдістемесі ең озық және сұрақтары өте сапалы халықаралық тестке айналдыру үшін көп кезеңді жұмысқа тартылады», – деп түсіндірді шенеунік.

Айта кетері, Нью-Йоркте жұмыс сапарымен жүрген президент Қасым-Жомарт Тоқаев Educational Testing Service (ETS) компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Амит Севакты қабылдады. Әңгімелесу барысында мемлекет басшысы ETS компаниясының білімді тестілеу мен бағалау саласында көш бастап келе жатқанына ерекше назар аударды. Президенттің айтуынша, Қазақстан білім беру жүйесінде компанияның тәжірибесін зерделеу мен пайдалануға қызығушылық танытады.

Ұйым жылына әлемнің 180 еліне 50 миллионнан аса тест әзірлейді әрі әкімшілендіреді, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесіне арналған бейіндік шешімдерді ұсынады.



## ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ КІМДЕР АЛА АЛАДЫ: ТІЗІМ ШЫҚТЫ

Қазақстанда әлеуметтік көмек алатын азаматтардың санаттары бекітілді. Тиісті бұйрыққа премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин қол қойды. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғалар тізімі жаңа Салық кодексі аясында әзірленген. Тиісті бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Әлеуметтік қолдауға құқығы бар жеке тұлғалардың жекелеген санаттарына мыналар кіреді:

- 1) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушы;
- 2) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушы;
- 3) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушылар;
- 4) зейнетақы төлемдерін алатын мүгедектігі бар адамдар;
- 5) он сегіз жасқа толмаған жетім бала және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала;
- 6) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы;
- 7) Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі №ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21263 болып тіркелген) бекітілген әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесіне кіретін ауруы бар тұлға;

8) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 28 қазандағы №ҚР ДСМ-162/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21537 болып тіркелген) бекітілген айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар тізбесіне кіретін ауруы бар тұлға;

9) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1033 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12733 болып тіркелген) бекітілген екі айдан астам еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі белгіленген аурулардың тізбесіне кіретін ауруы бар тұлға;

10) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы №ҚР ДСМ-14 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26830 болып тіркелген) бекітілген кейбір созымалы аурулардың ауыр түрлерінің тізіміне кіретін ауруы бар тұлға болып табылатын жеке тұлғалар жатады.

## ҮЙ АЛУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРҒАНДАР КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ БАРМАҚ ТІСТЕП ҚАЛУЫ МҮМКІН

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Бұл ипотеканың қымбатшылығына байланысты. Адамдар көбінесе 20%-бен ала бермейді, бір жағынан "Отбасы банктің" ипотекалық бағдарламаларында 50 процентті депозитке салу арқылы алуға болады. Көп адамдарда соманың елу пайызы жоқ. Бір жағынан бізде "7-20-25" бағдарламасына шектеу қойылып, "Баспана хит" жабылды. Бізде қазір қолжетімді 20 пайызбен бастапқы жарнасы бар бағдарламалар аз. Соңғы жылдары "Отану" секілді бағдарламалар болды, бірақ оларда жыл сайын 15 мың шамасында займ берілді. Ал бізде халықтың саны жылына 250 мыңға көбейеді", – деп атап өтті ол.

Сала маманы биыл және келесі жылы ипотеканың пайызы азаймайды деп есептейді. Себебі инфляциялық күтулер әлі көп.

"Алдында базалық мөлшерлеме 14,25 пайыз болған, ол 16,5 пайызға өскен. Келесі жылы ол бір процентке азаюы мүмкін. Бірақ ол ешқандай өзгеріс әкелмейді. Алайда осы жылы бір маңызды өзгеріс болды. Ипотека бойынша шекті пайыздық мөлшерлеме 25 пайыздан 20 пайызға дейін төмендеді. Жылдың аяғына дейін ипотекалық өзгерістер болмайды. Ипотекалық бағдарламалардың дені жылдың басында басталады. Қатты өзгеріс қосылған құн салығымен байла-

нысты. Оның енгізілуі қатты әсер етеді. Өйткені ол бізде алдында үйлердің бағасына қосылған жоқ. Енді қосылған жағдайда үйдің бағасы келесі жылдан бастап 5-7 процентке дейін көбеюі мүмкін", – деп топшылады қаржы сарапшысы.

Жеңіс Шәріпұлының сөзінше, ипотекалық өнімдер халыққа қолжетімді емес деп айтуға болады. Өйткені бізде ипотеканы екінші деңгейлі банктер мен "Отбасы банк" қана береді, дейді ол.

"Мысалы, "Отбасы банк" бағдарламаларында ставкалар аз, бірақ кей бағдарламалар үшін талап етілетін 50 пайызды жинау оңай емес. Адамдар бізде жинай бастайды, бірақ инфляцияға байланысты үйлер қымбаттай береді. Бәріне үй бағасының елу пайызы бола бермейді. Мәселе осында. Жалпы ең қолжетімді ставкалар "Отбасы банкте" екені белгілі. Коммерциялық банктерді алатын болсақ, бастапқы жарнасы 20-30 пайыздан басталатын ипотекалық бағдарламалар бар, бірақ олардың ставкасы жоғары. Қосылған құн салығы негізінен жаңа үйлерге енгізіледі. Жаңа үйлердің қымбаттауы екінші нарықтағы үйлерге де әсер етеді. Біз осыған қатысты талдау жасағанбыз. ҚҚС-тың енгізілуі үйлердің бағасын 5-7 пайызға дейін көбейтеді деген ойдамын", – деді қаржы сарапшысы.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, тамыз айында тұрғын үйді сатып алу-сату бойынша 41 380 мәміле тіркелген. Олардың ішінде жеке үйлер бойынша – 8 527, пәтерлер бойынша 32 853 мәміле жасалған.

# ЕҢБЕК КҮШІНІҢ МИГРАЦИЯСЫ: МӘСЕЛЕ НЕДЕ?

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында көші-қон тақырыбына да тоқталып, оңтайланған жүйе қалыптастыру, миграция процесін цифрландыру тақырыбына тоқталған болатын. Президенттің айтқан мәселесін сөзбе-сөз келтірер болсақ: «Еңбек нарығын, әсіресе көші-қон мәселесін реттеу саласында есепке алудың орталықтандырылған жүйесі жоқ. Бұл жағдай осы саладағы болжау жұмысының сапасына және шешімдердің тиімділігіне кесірін тигізеді. Үкімет ел ішіндегі және шетелдегі көші-қон ағымының есебін жүргізетін бірыңғай цифрлық жүйе енгізуге тиіс. Ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің бақылаусыз қалуы жұрттың бәрі тұрғысы келетін ірі қалаларымыздың инфрақұрылымына орасан салмақ түсіріп отыр» деген бұл саладағы шешімін күтіп отырған түйіндердің барынан хабардар екенін білдірді.

Ал, бүгінгі таңда ел ішіндегі еңбек миграциясы негізінен ауыл-қала бағытында жүріп жатқандықтан, негізінен солтүстік өңірлердегі ауылды аймақтарда жұмыс күшінің жеткіліксіздігі өте апатты жағдайға жетті. Ел ішіндегі көші-қон үдерісіне қазіргі үкіметтік деңгейдегі көрсетіліп отырған қолдау жеткіліксіздеу болып отыр. Өйткені, халқы тығыз, ал жұмыс күшінің салмағы басып тұрған оңтүстік өңірлерден солтүстіктегі облыстарға көшкісі келетін азаматтар жыл санап азайып барады. Оған біздің биылғы теріскейдегі жерлеріміз жайғасқан ауылдарды сүзіп шыққандағы сапарымызда көз жете түсті. Селдіреген көш керуені тек жұмыс күшінің ғана емес, елдегі қазақ санының балансына да сеп алмай бола отыр-ау?..

Қазіргі таңда теріскей облыстардағы қоныстанып жатқан күнгейлік азаматтарға бірнеше көтерме ақылар мен төлемақылар төленетіні рас. Көшіп бару шығынының бір бөлігін өтеу, тіркесуе тұрғаннан кейін тұру үшін жалдау шығындарын бір жылға дейін өтеп беру, отбасының ір жан басына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі төлемақысы, тұрғын үй сатып алуда баспананың жартысына дейінгі ақысын төлеп беру, және жергілікті әкімдіктердің азаматтарды жұмыспен қамту, немесе кәсіпкерлік қолдау көрсетуі секілді демеу көрсетіліп жататыны да рас. Десе де, қатаң климаттық жағдайынан бастап сылтауларды былай қойғанда, соңғы кездері сыбайлас жемқорлық фактілерімен аты шығып тұрған бұл саланың аты оңтүстіктен-солтүстікке көші-қонға кері әсер ете бастаған секілді. Бұған мектеп бітіруші талапкерлердің «Серпін» бағдарламасын да қосуға болады. «Серпінмен» солтүстік өңірлердегі ЖОО-ларына түсіп, тәмамдағаннан соң ол жақта тұрақтап қалмай, оңтүстікке қайтқан жыл құсындай қиулап қайтып жатқаны тағы бар. Осының бәрі неге тиімді бола қоймады? О басында-ақ неге дұрыс жүйелене қоймады? Президенттің өзі Жолдауда арнайы тоқталып, бұл салада мәселе барын тілге тиек етуі бекер емес-ау?



А.Балаева,  
ҚР Мәдениет және ақпарат министрі

## «КӨШІ-ҚОН БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН АҚПАРТТЫҚ ТҮР ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ДАЙЫНБЫЗ»

Ал, дәл осы тұста бұқаралық ақпарат құралдарының қолдау көрсететін қызметінің әсері салмақты рөлі бары рас. ҚР Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаеваның өткенде ғана Шымкент қаласында өткізген халықпен кездесуінде осы оңтүстіктен солтүстікке жұмыс күшінің миграциясын, теріскейге оқуға кеткен жастардың тұрақтап жұмыс істеп қалуын ақпараттық қолдау тақырыбында сауал қойылған болатын. Бұл сауалға министр ханым:

– Егер оңтүстіктен солтүстікке көші-қон тақырыбын, теріскей өңірлердегі мүмкіндіктерді жақсылап насихаттап, дұрыстап көрсете білсек, жастардың сол жаққа баруы, қалып қалуы, менің ойымша, шешілетін дүние. Қазіргі таңда ол бағдарламаның тиімділігін Үкімет деңгейінде қаралып жатыр. Өйткені, ол жердегі балалардың

оқып болғаннан кейін сол жақта қалып қалады деп есептеп отырдық қой.

Ал, қазіргі сараптама көрсетіп отыр, сол жақта оқиды, оқу бітіргеннен соң қайтадан оңтүстікке қайтып кетеді. Сондықтан, ол бағдарламаның тиімділігі төмен болып тұр деген сөз. Менің ойымша, адам бір бағдарлама шеңберінде ғана емес, өз еркімен, өз жүрек қалауымен барғаны дұрыс деп санаймын. Мысалы, мәдениет саласын айтар болсақ, жаңа театрлар, мәдениет ұйымдары ашылып жатса жастар сол жаққа барады. Отау құрып, сол елді мекеннің тұрғыны болып қалар еді. Сондықтан, бұл жерде барлық деңгейдегі мүмкіндіктерді толық қарап, сол бағдарламалардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуіміз керек.

Оңтүстіктен солтүстікке көш бағдарламасы бойынша ақпараттық түр ұйымдастыру туралы ұсыныстарыңызды қабылдаймыз. Оны ұйымдастыруға дайынбыз, – деп жауап берген болатын.

Оңтүстіктен солтүстікке көш мәселесін бағамдайтын, яки қолда бар бағдарламаны кеңірек насихаттайтын, жинақталған тәжірибені бөлісетін немесе түйінделген тұстарын тарқатуды мақсат ететін ақпараттық түр дейміз бе, қоғамдық кездесу дейміз бе, әйтеуір бір жоба қолға алынғаны дұрыс. Ол күн тәртібіне шығып отырған жағдайы бар. Президентте соған назар аударып отыр. Ал, ол үшін министрлік жактан арнайы сапар ұйымдастырыла ма, жоқ па, әлі сыбыс шыға қоймады. Бірақ, министр ханым Шымкенттің Жастар ресурстық орталығы сарайында қала тұрғындарына уәде беріп кетті.



Ш.Балқыбек,  
«Тайынша элеваторы» ЖШС директоры:

## «КӨШІ-ҚОН ДЕГЕНІМІЗ – ТЕК АДАМДАРДЫҢ ҚОНЫС АУДАРУЫ ЕМЕС, ОҢДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК ТЕ БОЛАДЫ»

Министр уәде еткен ақпараттық сараптау сапары жолға қойыламын дегенше біз өзіміздің сапарымыз кезіндегі көзбен көріп, көңілге түйген жайттарды, мамандардың аузынан шыққан кәсіби пікірлерді назарыңызға ұсына отырайық. Газетіміздің өткен санында Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданы орталығында орналасқан «Тайынша элеваторы» ЖШС-нің жұмысы мен ондағы Шымкенттен барып қоныстанып, элеватордан нанын ажыратып жүрген кейіпкерлерді сөйлетіп едік. Сол элеватордың директоры Шыназбек Балқыбек мырзаның пікіріне құлақ түріп көріңіз. Не дегенмен тек Шымкент қаласы ғана емес, жалпы оңтүстіктен барған 22 азаматқа жұмыс ұсынып, жаңадан қоныс аударушыларға бағыт-бағдар көрсетіп, қолдап жүрген азамат. Білгені мен түйгені бар маман былай дейді:

– Қазіргі таңда біздің «Тайынша элеваторы» ЖШС-нда оңтүстіктен келген, оның ішінде Шымкент қаласынан келгені де бар, жалпы 22 азамат жұмыс істеп жатыр. Менің өзім де Түлкібастың тумасымын. Осында жұмыс барысымен келген соң өзім бас болып, елден жетістіктерді шақыра бастадық.

Қоныс аударушылардың қазіргі жағдайы қандай? Осында көшіп келдік, әрине, қорықтық. Енді қазір көзбен көріп отырсыздар, жұмысқа жайғасып жатыр. Қолдап жаттырмыз. Жұмыс істеймін деген адамға, есіміз ашық. Қандай мамандық болса да қабылдауға әзірміз. Мен әрдайым жергілікті әкімдік өкілдеріне біздің Тайыншаға, элеваторға оңтүстіктің адамдарын беріңдерші деп айтып жатамын.

«Тайынша элеваторы» ЖШС – Тайынша қаласындағы ірі кәсіпорындардың бірі. Кәсіпорын астық өнімдерін жинау, сақтау, кептіру, сұрыптау, өңдеу және дайын жеміш-өнім өндіру жұмыстарымен айналысады. Қазір солтүстік өңірлерде астық жинау науқаны қызып тұр. Жұмысшы қолына деген тапшылық анық байқалып жатыр. Дәл қазір менің мекемеме 100 адам жұмысшы жетпейді. Қазір астық құрғататын уақыт, Алматыдағы серіктес компаниялардан үш жігітті алдырып жастырмамын. Соларға «келіңдерші» деп өтініш айттық.

Оңтүстіктегілердің көбі бұл жақтың қысынан қорқады. Бірақ, қатып қалатындай қыс жол бұл жақта. Өзіміздің жерлерімізге айтатыным, бұл жаққа сауда жасаймын деп келмесін, бұл сауданың жері емес. Шаруашылықпен айналысу үшін келсін. Халықтың жағдайы біздің оңтүстікке қарағанда төмендеу, бұрынғы кеңестік менталитетке үйренген орта. Кешкі сағат алты бола салысымен үйіне асығады. Бастапқыда түсінбегенім рас, жұмыс жүруі үшін осы жерден асхана да ашып бердім, сөйтсек, кешкісін үйіне қарай асығуының себебі үйіндегі пешіне кешкі от жағу қажеттігі екен ғой. Содан соң оған да көндік. Мына Тайынша – қала, бірақ біздің оңтүстіктің қалаларымен салыстыра алмайсың.

Тайынша қаласында 11 мың адам тұрса, соның өзінде жұмысшы жетпейді. Мекемелер мен кәсіпорындар көп, жұмыс істейтін орын баршылық, халық аз. Ол бір. Екінші, қаланың ортасында тұрғып қолда мал ұстайтындар бар. Өзінің үйіргелік учаскесінен қора салып, мал ұстауға болады екен. Осыны біздің оңтүстіктің жігіттері пайдалана алатын тұсы. Мал ұстауды қатырады емес пе біздің жақтың жігіттері?! Кішкентай жерде көкпар шабатын ат ұстап отырады ғой. Анау жатқан Астанадан арнайы келіп, соғымдыққа ет алып кететіндер көп. Неге соны істемеске? Бұл – біздің жақтың жігіттерінің қолынан келетін нәрсе.

Алайда, менің бір қынжылатын нәрсемді бөлісе кетейіні. Көшіп келетін кісілерге шаруашылық үшін гектарлап егіндік жер бөлінбейді. Егер, сондай шаруашылық мақсатында жерлер берілер болса, оған тағы пәлен жылға дейін пайдалану туралы келіп-дік берілсе, оңтүстіктің жігіттері көптеп келер еді. Иә, қазіргі жасалып жатқан қолдаулар да дұрыс. Бірақ, мұнда келген кісінің тамыр жаюына, шаруашылығымен бірге өркендеуіне мүмкіндік беретін құнарлы топырақ та керек. Ол құнарлы топырақ дегеніміз – шаруашылығын жасауға арналған гектарлы жер. Ауылдық жерлерге қоныс аударатын азаматтарға осы тетікті пайдаланған дұрыс. Ондай шаруашылықтарды дөңселетіп кетуге біздің жақтың жігіттерінің қабілеті де, мүмкіндігі де жетеді. Оңтүстіктің бәсекелестікке қабілетті азаматтары солтүстіктің құнарлы топырағына қоныстанады, бұл жақтың да дамуына атсалысса дейсің. Халықтың көші-қоны дегеніміз – тек адамдардың ғана қоныс аударуы емес қой, онда экономикалық тиімділік те болады.

Тайыншаға келетін азаматтар болса, маған келіңдер. Қолдан келгеніне көмектесуге әзірмін. Оған біздің мүмкіндігіміз бар. Бала-шағасының келешегін ойлайтын адам осы бастан мына жаққа келіп жайғаса бергені дұрыс. Үй арзан, жұмыс бар. Өйткені, мұнда әлі де Ресейге кетіп жатқандар бар. Қазір, мысалы біздің элеваторға жайғасып жұмыс істеп кетсе, ертең күні шаруашылық үшін басқа да жер секілді капиталдарға қол жеткізеді, одан соң бала-шағасына мұрагерлікке қалатын дүниеге ие болып жатуы да гажасп емес. Бәрі де адамның өз қолында.

Тайынша қаласында бір кәсіпорынды басқарып, жүздеген жұмысшыға жұмыс беріп отырған Шыназбек аға өз түйгенін осылай деп ортаға салды.



Ж.Қалмырзаев,  
ардагер агроном:

## ЖЕР БЕРСЕ, ШЫМКЕНТТЕН КӨШІП БАРАТЫНДАРДЫҢ САНЫ АРТАДЫ

Ал, жер игерудің нағыз маманы, кеңестік кезеңде шаруашылықтарда агроном болып істеген Жайлаубек Қалмырзаев ақсақал болса, жер беру арқылы тек оңтүстіктен көшіп баратын азаматтарды ғана емес, шетелден келетін қандастарды да тартуға болады деп санайды. Ол туралы ойын былай деп жеткізді:

– Президентімізге көп рақмет, қазіргі таңда мемлекет пайдалануға қана жерден бері пайдаланушы жатқан нешеме гектарлаған жерлерді қайтарып жатыр. Мысалы, күні кеше ғана теледидардан айтып өтті, бір ғана Ақмола облысынан 22 мың гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер мемлекетке қайтарылыпты. Егістік және жайылым мақсатында берілген жерлер тиісті деңгейде пайдаланылмай, расуа болып жатқаны ішті ашытады. Бұл барша қазақтың жерді игеруді білмейді деген сөз емес. Кезінде аласапыран уақытта гектарлап басып қалып, бүгінгі күнге дейін мақсатты пайдаланылмай келіп, Президенттің тапсырмасымен мемлекетке қайтарылып жатыр.

Егер бұған дейін солтүстікке көшіп барар болсаң және қандай да бір шаруашылықпен айналысқың келсе, барған ауылыңнан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ала алмайтынсың. Басы бүтін артық жатқан бір сотық жер де жоқ. Көшіп барған жеріңде тек жалшы болып қана істейтін едің. Жері бар шаруашылыққа жалдана-сың, болды. Ал енді мемлекетке миллиондап жерлер қайтарылып жатқан кезде, жермен айналысып, шаруа боламын деген адамға сол үлестен берер болса, онсыз да оңтүстікте сығылысып отырған халық көптеп қоныс аударар еді. Шаруашылық та жанданады, әрі жұмыс күші де қозғалады. Жер берсе, Шымкенттен көшіп баратындардың саны артады.

Р.С.: Міне, көргені мен түйгені бар мамандар осылай дейді. Азды-көпті жиган-терген ой-пікірлерін айтып, сараптағандарын ортаға салды. Айтылған сөздерінде салмақты дүние жатқанын бағамдайсың. Жұмыс күшінің теңсіздігін көші-қон арқылы шешуге болатынын уақыт көрсетіп беріп отыр. Білікті маманды қызықтырудың, ұстап қалудың түрлі жолдары бар. Ал, біз сөз етіп отырған ауыл шаруашылығы саласындағы мамандарды тартудың бір төте жолы қайда екенін жоғарыда сөз кезегін ұсынған мамандар тілге тиек етіп өтті.

Осы тұста мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың биылғы Жолдауда айтқан «Қадр тапшылығы жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн. Шетелден елімізді дамытуға үлес қоса алатын мықты мамандарды ұлтына қарамай тарту – өте маңызды міндет. Олардың Қазақстанда қалуына жағдай жасау керек. Себебі бізге білікті мамандар өте қажет» деген сөзі жоғарыдағы пікір иелерінің сөзін құптай түседі екен. Бұл тұрғыда тек шетелдіктер ғана емес, ел ішіндегі көші-қон мәселесіне тереңірек мән берілетін қозғарас та қажет-ақ. Бұл салада қордаланған мәселелердің бар екені белгілі, оны шешудің жолдары да жоқ емес.

Біз де осы пікірді қолдай отырып, ел ішіндегі көші-қон саласына жаңа серпін беретін бағдарламалар қолға алынса екен деп тілеуестік білдіреміз.

С. ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ

# БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ – БЕРІК ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

**Отбасы – адамзат баласының ең алғашқы және ең маңызды әлеуметтік ортасы. Ол тек қан байланысымен ғана емес, сүйіспеншілік, сенім, құрмет, жауапкершілік сынды асыл қасиеттермен ұштасатын қасиетті ұғым. Әрбір адамның тұлға болып қалыптасуы, өмірлік ұстанымы мен адами болмысы осы отбасындағы тәрбиемен тікелей байланысты. Сондықтан да халқымыз «Отан отбасынан басталады» деп бекер айтпаған.**

Ұлттық тәрбие мен рухани байлықтың негізі саналатын отбасы – қоғамның берік іргетасы. Мейірімділік, имандылық, еңбекқорлық, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсету секілді қасиеттер ұрпақ санасына алдымен осы шағын ортада сіңіріледі. Ұлт болашағының жарқын болуы ұлағатты ұрпақтың тәрбиесіне тікелей байланысты десек, ол міндеттің үлкен бөлігі дәл осы отбасына жүктеледі. Осыған орай, Қазақстанда қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» ретінде аталып өтілді. Бұл күн – отбасылық құндылықтарды дәріптеп, берекелі шаңырақтардың үлгісін насихаттауға арналған маңызды мереке. Ел ішіндегі татутәтті, өнегелі әулеттерді қоғамға үлгі етіп көрсету арқылы жас ұрпақ бойына жауапкершілік пен сыйластықты сіңіру – мерекенің басты мақсаты.

Жыл сайын бұл мерекеге орай еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Солардың бірі – Шымкент қаласында өткен мазмұнды кездесулер мен ашық есік күндері. Бұл шаралар жай ғана мерекелік жиын емес, қоғамдағы отбасының рөлін арттыруға бағытталған рухани серпіліс деуге болады.

## Өнегелі әулеттер марапатталды



Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы аясында қаладағы «Достық үйінде» «Отбасы күні» мерекесіне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылып, өнегелі әулеттер марапатталды. Мерекелік жиынның ашылу салтанатында қалалық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрайымы Гүлжан Сүгірбаева, Ассамблея хатшылығының меңгерушісі Айгүл Әмзеева

қатысты.

– Отбасы – мемлекет пен қоғамның ең басты тірегі. Әр шаңырақта ұлттық дәстүр сақталып, бауырмалдық пен сыйластық орнықса, еліміздегі бірлік пен ынтымақ та нығаяды. Әрбір әулеттің тарихы – ел тарихының бөлшегі. Біз өнегелі отбасыларды дәріптеу арқылы жастарға бағыт-бағдар беруді көздейміз. Ұрпақ тәрбиесі – аналардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Бүгінгі марапаттар – соның айғағы, – дейді Гүлжан Сүгірбаева.

Шара барысында алдын ала іріктелген отбасылар түрлі номинациялар бойынша марапатталып, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

«Азамат тәрбиелеген отбасы» номинациясын – қоғамға адал қызмет етіп жүрген, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген Курбанходжаевтар әулеті иеленді. Отбасында қазақтың туын желбіретіп жүрген тасквондшы Дастан Нәжімханов бар. «Күміс кереге» номинациясымен – 25 жыл отасып, ұлттық құндылықтарды дәріптеп келе жатқан Бүркіттер отбасы мен Андар отбасы марапатталды. «Алтын шаңырақ» номинациясының иегері – 50 жылдық ғұмырын бірге өткізген, өнегелі әулет Үсембековтер отбасы болды.

Әр отбасы – өз перзенттерін елге адал қызмет ететін, қоғамға пайдасын тигізетін азамат етіп тәрбиелеп өсірген өнегелі әулет. Олардың өмірлік ұстанымы – әділдік, ізгілік пен еңбекқорлыққа баулу, ұлттық салт-дәстүрді жас ұрпаққа аманаттау, қоғамдық істерге белсене араласып, берекелі шаңырақтың мәнін паш ету.

Үсембек Өмірбек пен жұбайы Роза Әлімбекқызы жарты ғасырдан астам уақыт бойы ұрпағын ұлттық дәстүрге баулып, ынтымақ пен татулықты сақтап келеді.

– Біз үшін ең үлкен марапат – балаларымыздың адал, еңбекқор болып өсуі. Осындай құрметке ие болғанымыз – сол тәрбиенің жемісі. Құндылықтарды сақтап, ұрпаққа жеткізу – әр ата-ананың борышы, – деді Өмірбек Үсембек.

Мерекелік кеште үздік әулеттердің өмірлік тәжірибесін баяндайтын бейнематериалдар көрсетіліп, өнерпаздар концерттік бағдарламамен көрмендерге қуаныш сыйлады.

## «AMANAT» партиясы отбасылық құндылықтарды насихаттады

Кезекті іс-шара «AMANAT» партиясының «Бақытты отбасы» партиялық жобасы



аясында Шымкенттегі гуманитарлық-экономикалық колледжінде ұйымдастырылды. Жиынға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов, Қазақстан Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, партия жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі кеңестің төрайымы Баян Жандосова, Психологиялық қолдау орталығы директорының орынбасары Жанна Утесинова, ҚР Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің Шымкент қаласы бойынша өкілі Нұржан Абдезов, Абай атындағы көпшілік-тендірілген кітапхананың филиал меңгерушісі Ақмарал Құдайбергенова, сондай-ақ Полиция департаментінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің бастығы Жаңыл Спанова қатысты.

Іс-шара барысында отбасы құндылықтары мен ұрпақтар сабақтастығының маңызы кеңінен насихатталды және қонақтар өз ойларын ортаға салып, жастарға өнегелі әңгімелерін жеткізді.

Сөз алған Ербол Байқонысов қатысушыларды атаулы мерекемен құттықтай отырып:

– Отбасы – қоғамның тірегі, ал берекелі отбасы – берекелі елдің кепілі. Бүгінгі іс-шара арқылы біз жас ұрпаққа отбасы құндылықтарының маңызын жеткізуді көздеп отырмыз. Партия әрдайым отбасы институтын нығайтуға бағытталған жобаларды қолдап, оны жүйелі түрде жалғастыра береді, – деді.

Сонымен қатар, колледж студенттері тақырып аясында әсерлі көріністер қойып, патриоттық әндер орындап, келушілерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

## Дені сау ұрпақ – бақытты жанұя кепілі

Отбасы – тек тәрбиенің емес, сонымен қатар денсаулықтың да бастауы. Осы ұстанымды негізге ала отырып, Шымкент қалалық №4 емханасында «Дені сау ұрпақ» тақырыбында ашық есік күні ұйымдастырылды. Бұл шара ҚР Мәдениет және ақпарат ми-

нистрлігінің Отбасы күніне арналған республикалық іс-шаралар жоспары аясында өтті.

Ашық есік күнінің негізгі мақсаты халықтың репродуктивті денсаулығын жақсарту, отбасын жоспарлау мәдениетін қалыптастыру және жас отбасыларға қажетті медициналық кеңес беру болды. Шара барысында акушер-гинекологтар, педиатрлар, жалпы тәжірибелі дәрігерлер, сондай-ақ психолог мамандар тұрғындарды қабылдап, денсаулықтарын тексеріп, түрлі бағытта пайдалы кеңестер ұсынды.



Келушілер отбасын жоспарлау, ана мен бала денсаулығын сақтау, саби сүюге дайындық, жас аналардың психологиялық жағдайы сияқты маңызды мәселелер бойынша кең ауқымды ақпарат алды. Сондай-ақ репродуктивті жүйе ауруларының алдын алу, ерте диагностика, дұрыс тамақтану мен өмір салты жөнінде нақты мәліметтермен қаруланды.

**Отбасы – адамзат өмірінің алтын діңгегі, ұлттың рухани тірегі. Бүгінде қоғамның дамуы мен болашағы тікелей отбасының жағдайына, ондағы тәлім мен тәрбиеге байланысты. Шымкент қаласында өткен іс-шаралар осы құндылықтарды ұлықтап, өнегелі әулеттерді үлгі етіп, жас ұрпаққа бағыт-бағдар беру мақсатында ұйымдастырылды. «Отбасы күні» аясында өткізілген марапаттау рәсімдері, тағылымды кездесулер мен медициналық кеңес беру шаралары – бір ғана мерекенің емес, ел болашағына деген жанашырлықтың, ұлттық бірлік пен татулықтың айғағы. Мұндай бастамалар отбасы институтын нығайтып қана қоймай, ұлт ретінде ұйысуымызға, болашаққа сенімді қадам басуымызға негіз бола-ры анық.**

Дайындаған  
М. БЫБЫРАЙ

## Еңбек саясаты

# «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» АЯСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Шымкент қаласы кәсіподақтар орталығының төрағасы Бауыржан Алтеев мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің «Қызмет» салалық кәсіподағының Шымкент қалалық филиалының мүшелерімен кездесу өткізді. Жиынға «Қызмет» салалық кәсіподағы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Әуесханов Серік Елемесұлы және ұйымның белсенді мүшелері қатысты.**

Кеңейтілген отырыс барысында кәсіподақ қызметінің өзекті мәселелері талқыланып, алдағы жоспарлар белгіленді. Күн тәртібінде келесі мәселелер қарастырылды:

1. «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясындағы жұмыстар. Бауыржан Алтеев биылғы жылдың басты мақсаты еңбек адамының мәртебесін арттыру екенін атап өтті. Ол «Қызмет» кәсіподағының мемлекеттік қызметшілер мен коммуналдық сала қызметкерлерінің

беделін көтеруге қосқан үлесінің маңыздылығын айтып, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыруға шақырды.

2. «Ынтымақ жүгірісі» – кәсіподақтардың спорттық бастамасы. Жиында алдағы уақытта Дендропаркте өтетін «Кәсіподақ RUN 2025» атты жаппай жүгіру жарысының ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Бұл іс-шараға «Қызмет» кәсіподағының мүшелері де белсенді қатысып, кәсіподақтар-



дың бірлік пен салауатты өмір салтын насихаттаудағы рөлін көрсетуі тиіс екені айтылды.

3. «Таза Қазақстан» акциясы:

қоршаған ортаға қамқорлық. Кәсіподақтар ғимараты орналасқан аумақтағы сенбілікке қатысу мәселесі де қаралды. Бұл шара әрбір

кәсіподақ мүшесінің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, табиғатқа жанашырлық танытуға үндейді.

4. Өзге де жұмыс мәселелері. Отырыс барысында ұйым мүшелерінің еңбек құқықтарын қорғау, ұжымдық шарттардың орындалуын қадағалау және заңнамалық өзгерістерге байланысты мәселелер де кеңінен талқыланды.

Бауыржан Алтеев кәсіподақтардың еңбек адамын қорғаудағы маңыздылығын айта келе, бірлесіп жұмыс істеудің және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының белсенділігін арттырудың маңызды екенін атап өтті. Кездесу өзара түсіністік пен ашық диалог атмосферасында өтті. Қатысушылар бұл жиынның алдағы уақыттағы жұмыстарға тың серпін беретініне сенім білдірді.



## БҰРЫНҒЫ ӘКЕ мен БҮГІНГІ ӘКЕ

◀ (Соңы. Басы 1-бетте).

Таңертең шайын баппен ішіп болған әкем «Анауым қайда? Мынауым қайда?» деместен бар дайынды үстіне ілген күйі тыпындап жұмысына кете баратын. Күнде солай еді. Міне, осындай ірілі-ұсақ іс-әрекеттердің өзінен-ақ әкеміздің отбасыдағы ең қадірлі, ең құрметті жан екенін айтпай-ақ түсіне беретінбіз. Әке жұмыстан келеді-ау деген кезде үй де, балалар да жып-жинақы бола қалатын бұл дәстүр тек бізде ғана емес, көп отбасыда бар еді.

Ал қазір көп нәрсе өзгерді. Дәл сол кездегідей әкеге деген қадір-құрмет жұтылып, жұтанданып бара жатқандай. Әкенің қас-қабағынан ұғу, көзқарасынан ығу деген дүниелер бүгінде байқала ма? Әкесі үстел басына отырмай жатып, баласы ашқарақтанып алдын ала тамаққа қол созбау, әкесі бата қайырмай жатып, баласы дастарқаннан тұрып кетіп, әдептен озбау ше? Әкесі келе жатқанда кесе көлденеңдеп жолын кеспеу, әкесі жол бастағанда арсалаңдап алдына түспеу ше? Әке тұрғанда қойдың басын ұстамаған қазақ едік. Қай тұста жаңылып үлгердік екен?! Бұрынғы әкеге қарағанда бүгінгі әкенің рөлі расында да төмендеп кетті. Неге дейсіз бе? Себебі бұрынғы әке тәрбиеші, ақыл беруші, жол көрсетуші, соңғы сөздің иесі еді. Бүгінгі әке тек ақша табушы, асыраушы рөлімен шектеліп қалды. Қалған міндет ананың мойнында. Осыдан барып кей отбасыларда тәрбие ақсауда. Қазір ер адамдардың көпшілігі жұмысбасты. Күнінің көп бөлігін жұмыста өткізіп, балаға уақыт бөлуге шамасы жетпей қалады. Салдарынан бала әкеден емес, интернеттен, өзі жүрген ортадан, көшеден тәрбие алып жүре беретін болды.

Бұрынғы әкенің ойы оқ, сөзі заң болатын. Бүгінгі әкелердің әңгімесі әлсіз, әрекеті жансыз көрінеді. Кей отбасыларда әке ұстанымы деген дүние әлдеқашан мәнін жоғалтқан. Себебі қазіргі қоғамда отбасылық құндылықтар, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді ұғымдар азайды. Тіпті кейбір фильмдерде, одан арғысы әлеуметтік желіде де әке рөлі екінші орынға қойылып, балаға дұрыс бағыт-бағдар берілмей отыр. Бұл баланың санасына «Әкенің орны аса маңызды емес» деген түсінік қалыптастыруда.

Бұрынғы әке ұлын аңға, егінге, мал бағуға, жоқ дегенде қора тазалап, шөп шабуға өзімен бірге ертіп шығып, өмірді үйрететін. Бірге асарға баратын. Тіпті болмағанда қонаққа бірге апарып, бала үлкендердің мән-мағыналы әңгімесіне құлақ түріп өсетін. Қазір ол дәстүрдің әлсірегені қашан. Бүгінгі әкенің өтіп жүретін уақыты да, ынтасы да жоқ. Себебі бала тәрбиесінен гөрі күнделікті қым-қуат тіршіліктің салмағы басым. Күні бойы жолдан, кептелістен, көліктің рөлінен, жұмыстан, одан қалса сан түрлі ойдың жетегінен шаршаған әке кешке қалжырап келіп, төсегіне құлай кетеді. Көз ілінгенге дейін телефон деген «темір досын» қалтасынан шығарып, әлеуметтік желідегі миға сәл де болса дофамин сыйлайтын мәңгілік видеоармен өзін біраз алдайды. Аздан соң күні бойы жанталас пен жүгірістен шаршаған тән қамсыз ұйының құшағына оп-оңай еніп кете барады. Нәтижесі сол, бүгінде әкелердің басым көбі балаларымен ашық сөйлесуді, сырласуды, әдемі әңгіме айтуды доғарды. Қазіргі жаһандану дәуірінің бізге тигізіп жатқан кесірі осы.

Не істемек керек? Меніңше, әлсіреген әке тәлімінің орнын көбірек руханиятпен толтыру қажет. Басқа қайтеміз? Осы қазір әлдеқашан балалы-шағалы болып үлгерген әкелерді тәрбиелеп отыру енді тым кеш. Одан да қоғам болып балаларды тәрбиелейік. Руханиятқа, мәдениетке, отбасылық құндылықтарға көбірек бағыттайық. Сонда олардан болашақта бала тәрбиесіне мұқият бола алатын мықты әке, ер адамды сыйлай да, сыйлата білетін жақсы ана шығар, кім білсін?! Онсыз да отбасылық құндылықтар күннен күнге көмескіленіп бара жатқан заманда өмір сүріп жатырмыз, енді сол құндылықтарды біржолата жоғалтып алмайықшы.

М. ИБРАЕВА

## БАЛАҒЫЗ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕП ЖҮР?

Велосипедін ұстап, кішкентай дөңбешіктен өте алмай тұрған баланы көрдім. Анасынан көмек сұрап тұр. Анасы баласына өзі де өте алатынын, оның қолынан келетінін айтып, жігерлендіріп жатыр. Бәрі дұрыс сияқты. Бірақ екеуі де қазақ. Орысша сөйлесіп тұр. Қынжылдым. Бір сәтке ойланыңызшы. Егер сіз өз балаңызбен өз тіліңізде сөйлесе алмасаңыз, онда кім болғаныңыз?

Қазір көптеген қазақ отбасыларында балалар орысша сөйлейді. Тіпті кейбір ата-аналар орысша сөйлеуді заман талабы деп қабылдайды. Ата-ана баласын «орысша үйренсін, тіл білсін» деп орыс сыныптарына да беріп жатады. Мұны ана тілін шеттету деп атасақ айып емес. Бізде бұл қалыпты жағдайға айналғалы қашан.

Бұл орайда әлем елдерінің тілді дамытудағы тәжірибесі бізге үлкен ой салады. Кейбір елдер тіл деңгейін көтерудің озық үлгісін көрсетіп отыр. Мысалы, Жапония – тіл мәдениетіне жоғары деңгейде мән беретін ел. Сондықтан оларда тіл үйрету ең алдымен отбасынан басталады. Бала туған сәттен бастап тек жапон тілін естиді, жапон тілінде сөйлейді, жапон тілінде ақпарат алады. Ата-ана да баласымен жапон тілінде ғана сөйлеседі. Үйде баламен басқа тілде сөйлесу олар үшін – жауапсыздық.

Тілге деген бұл көзқарас тек отбасымен шектелмейді. Жапонияда тіл саясаты балабақшадан бастап жүргізіледі. Бала үш жасынан бастап жапон жазуының негізі – хирагана мен катакананы үйрене бастайды. Ал мектепте ағылшын тілі секілді шет тілдері оқытылады, бірақ олар тек қосымша құрал ретінде ғана қарастырылады. Елде мультфильмдер, ойындар, тіпті YouTube арналары – бәрі тек жапон тілінде. Шетелдік фильмдер де түгелімен жапонша дубляждалады. Бұл елде тілді бұрмалау, жарнамада немесе БАҚ-та шет тілдерін орыссыз қолдану секілді іс-әрекеттердің қоғам тарапынан қатты сыналаны тағы бар.

Оңтүстік Корея да – өз тілін ұлттық брендке айналдырған санаулы елдердің бірі. Бұл елде тілге деген көзқарас өзгеше. Кореяда бала дүниеге келген сәттен бастап корей тілімен сусындайды. Бала-қай алғашқы қадамын басқанда, оның жанында тұрған ата-ана ағылшын, қытай не жапон тілін емес, дәл ана тілін қолданады. Себебі олар үшін ана тілін білмеу – ұлттық тамырдан ажырау. Үйде, балабақшада, ойын алаңында, теледидарда тек өз тілдері үстем. Бұл елде тілдің тазалығы басты құндылық болып саналады. Шетелдік фильмдер мен сериалдар түгелімен корей тіліне дубляжда-лады немесе титрмен беріледі. Шет тілдерден енген сөздер тым көп қолданылған телебағдарламалар қоғам тарапынан сынға ұшырайды, кейде тіпті эфирден алынып тасталады. Себебі олар тілге селкостықты ұлтқа селкостық деп қарайды. Корея мемлекеті тілді қолдап қана қоймай, заңмен де қорғайды. Жарнамада, ресми құжаттарда, білім саласында корей тілінен өзге тілдің үстемдік етуіне жол берілмейді. Мемлекеттік саясат осылай жүзеге асады.

Халқы небәрі 5,5 миллионды құрайтын Финляндияны алайықшы. Финляндияда фин және швед тілдері қолданыста жүреді, екеуі де ресми мәртебеге ие. Бірақ, халықтың 87 пайызы фин тілінде, 5 пайызы швед тілінде сөйлейтіндіктен фин тілі басым тіл болып саналады. Ағылшын тілі де кең таралған, бірақ ол ешқашан фин тілінің орнын алмастырған емес. Бұл елде фин тілі – жай қарым-қатынас құралы емес, тәуелсіздіктің символы. Финдер үшін ұлтты сақтайтын басты құндылық – тіл. Фин қоғамында да баланың тілі ең алдымен отбасында қалыптасады. Әр фин азаматы баласына ең алдымен фин тілін үйретуді өзінің азаматтық парызы санайды. Олар үшін қай жерде болмасын, бала ең алдымен өз тілінде сөйлеп үйренуі керек. Фин үкіметі тарапынан да бұл көзқарас өте жақсы қолдау тауып отыр. Мемлекет жыл сайын фин тіліне арналған цифрлық жобаларға инвестиция құяды. Бүгінде фин тілінде балаларға арналған сапалы мультфильмдер, ойындар, қосымшалар, онлайн курстар мен оқу платформалары өте көп. Керемет емес пе, иә?!

Израиль ше? Бұл – адамзат тарихында тілін қайта тірілтілген бірден-бір ел. Бір кездері иврит тілі тек көне діни мәтіндерде сақталған, өлі тіл саналған еді. Ол күнделікті қарым-қатынас құра-

лы ретінде қолданылмаған, тек жазба дәстүр мен ғибадат шеңберінде ғана өмір сүріп келген. Бірақ XX ғасырда ивритке жан бітті. Ұлттың саналы түрдегі таңдауы иврит тілі болды. Израильге жан-жақтан жиналған орыс, араб, француз, ағылшын тілінде сөйлейтін халықтың бәрі бір елде, бір тілде өмір сүруі керек деген ұстаныммен біріктірілді. Сөйтіп иврит тіліне үстемдік берілді. Мемлекет иврит тілін тек ресми тілге айналдырып қана қойған жоқ, сонымен бірге оны отбасылық құндылыққа да айналдыра алды. Мектептер мен балабақшаларда тек иврит тілінде білім берілді. Қо-



ғамдық орындарда, телеарналарда, жарнамада ивриттен басқа тіл қолдануға жол берілмеді. Бұл мәжбүрлеу ретінде емес, саналы түрде жүзеге асты. Бүгінде Израиль халқы түгелдей еркін өмір сүрген. Қазір иврит тек байланыс тілі ғана емес, ғылым, технология, әскери іс пен өнердің де тіліне айналды.

Қарап отырсақ, әлем елдерінің бұл тәжірибесі Қазақстан үшін де қажет-ақ. Өкініштісі, елімізде қазақ тілінің қоғамдық кеңістіктегі үлесі әлі де әлсіз. Қалалық қазақ отбасыларының басым бөлігі баласымен күнделікті тұрмыста орыс тілінде сөйлессе, қазақ мектептерінде оқитын балалардың өзі үйінде ана тілін қолданбаса, ақпараттық кеңістікте қазақша контент аз, ал интернет пен теледидарда өзге тіл үстем болса, балалар қазақ тілін ұмытпағанда қайтеді?!

Тағы бір қызық дүние, үйінде тек қазақша сөйлейтін отбасылардың өзінде балалардың тілі орысша шығып жатыр. Неге дейсіз бе? Себебі үйде Youtube орысша сөйлейді. Аяғын енді тәй-тәй басып келе жатқан бүлдіршін «Маша и медведь», «Синий трактор» көреді. Орыс тілді ақпарат күн сайын санаға сіңіп жатыр. Содан соң «Можно?», «Давай», «Поставь», «Дай», «Принеси» деп тілі келмесе де шүлдірлеп отырған баланы көресің.

Жапония мен Корея, Финляндия мен Израильдің тәжірибесі бізге мынаны үйретеді: тілді сақтау үшін бірінші кезекте оны қолданатын орта қалыптасуы керек. Ол орта – ең алдымен отбасы, содан кейін білім беру жүйесі, ақпараттық кеңістік және заңнамалық қолдау. Егер осы төрт тірек мықты болса, тіл де өмір сүреді, өседі, дамиды.

**Бірақ, ең бірінші жауапкершілік халықтың өзінде. Елімізде қанша жерден түрлі бағдарламалар, бастамалар болғанымен үйде қазақ тіліне деген құрмет төмен болса, ештеңе өзгермейді. Ең бірінші ата-ана баланың қазақ тілінде сөйлеп, қазақ тілімен сусындап өсуіне мән беруі керек. «Менің балам қазақ және ең алдымен қазақ тілінде сөйлеуі керек» деген ұстаным әр ата-анада болуы керек. Қазақ тіліне құрмет міндеттен бұрын жауапкершілікке айналуы тиіс. Сонда ғана елімізде тіліміздің мерейі үстем болады. Мынаны есте сақтаңыз, өз тілін сүймеген ұлт – өз болашағынан бас тартқан ұлт.**

**Құрметті ата-ана, сіз балаңызға қай тілде сөйлейсіз?**

М. ҚҰРБАНҚЫЗЫ



## ҚҰЛДЫҚТАН – СҰЛТАНДЫҚҚА: ҚЫПШАҚ МӘМЛҮКТЕРІНІҢ ТАРИХЫ

«Мәмлүк» сөзі араб тілінен «иелік етілген», «біреудің қол астында болған», «құл» деген мағынаны береді, яғни алым-салық негізінде сатып алынған немесе сыйға берілген күң-құл. Мысырда Айюбилер әулеті заманынан бастап «мәмлүк» термині негізінен «әскери құл» ұғымында қолданылып, көбінесе ақ нәсілді балаларға қатысты айтылған. Дегенмен бұл сөз ересектер туралы емес, негізінен шапқыншылықтар кезінде тұтқындалып әкетілген балалар мен жасөспірімдер жайында еді. Оларды исламға енгізіп, араб тілін үйретіп, арнайы жабық әскери тұрақтарда қызметке дайындады.

Мәмлүктер Мысырға XII ғасырда Салах ад-Дин сұлтан тұсында келді. Олар негізінен түркі және кавказ тектілерден шығып, Жошы әскерлерінің жорықтарынан кейін тұтқынға түскендер болатын. Италиян көпестері оларды Қара теңіз арқылы құлдыққа сатып жіберген. Сатып алынған бұл құлдар уақыт өте келе арнайы тәрбие мен оқудың арқасында кәсіби жауынгерлерге айналды. Дәл солардан Айюбилер әскерінің соғысқа қабілетті өзегі құрылды, кейінірек Мысырдың өз әскери элитасына айналды. Оларды сұлтанның немесе әмірлерінің әскеріне қызметке бөлді. Мәмлүктер тарихы бастапқыда құл жағдайында болған адамдардың тұтас мемлекеттің тағдырында шешуші рөл атқара алғанын көрсетеді.

Мысыр тарихындағы мәмлүктер кезеңі (1250-1517) үш ғасырға жуық уақытқа созылып, мұсылман әлемінің тарихындағы аса маңызды дәуірлердің бірі болды. Билікке жат жұрттық билеушілер келді, ал олардың әскері де сырттан келгендерден құралды.

1249-1250 жылдары мәмлүктер айрықша көзге түсіп, крест жорықшыларына тойтарыс беруде шешуші рөл атқарды. Кейін дәл солар Мысырда билікті қолына алды: ең құнарлы жерлер, қолөнер орталықтары мен негізгі лауазымдар олардың иелігіне өтті. Әскери-құлдық жүйені сақтай отырып, мәмлүктер 24 бектің қолбасшылығындағы қуатты атты әскері бар мықты мемлекет құрды. XIII ғасырдың соңына қарай олардың иеліктері Қиренаикадан (қазіргі Ливия) Нубияға (Судан) және Таур тауларына дейін созылды, ал Мекке мен Медина – исламның қасиетті орталықтары олардың қамқорлығында болды.

Қыпшақтардан құралған мәмлүктер әскері неге ең күшті болып саналды? Біріншіден, бұл түркі-қыпшақтардың жауынгерлік мәдениеті мен көшпелі өмір салтына байланысты еді. Қыпшақтар атты садақшылар даладағы ең таңдаулы жауынгерлер болды. Олардың шапшаңдығы, төзімділігі және жылдам айла-әрекет жасау қабілеті оларды қаһарлы күшке айналдырды. Олар бала кезден бастап жаттықты: әскери өнер тәрбиенің ажырама бөлігі болды, оған садақ ату, атқа міну, найза мен қылышты меңгеру кірді.

Қыпшақтар мәмлүк (әскери құл) атанғаннан кейін үздік әскери дайындықтан, қатаң тәртіптен өтті, сондай-ақ ең озық қару-жарақ пен тактиканы қолдануға мүмкіндік алды. Олардың психологиялық беріктігін де атап өткен жөн. Құл-жауынгерлер ретінде мәмлүктер сұлтанына және әскери қызметке толықтай берілген еді, бұл оларды әскердің элитасына айналдырды.

Кейбір тарихи деректерде қыпшақтар мәмлүктері арасында әйел-жауынгерлердің жасақтары болғаны айтылады. Олар әскерді қорғау мен жолсерік ісіне қатыса алған. Бұл құбылыс белгілі бір кезеңдерге тән ерекшелік қана болғанымен, олардың мәдени тұрғыдан ерекше екенін көрсетеді.

Мәмлүктердің арасында көрнекті тұлғалар да болды, солардың ішінен Бейбарысты (1223-1277ж.) ерекше атауға болады. Ол Мысыр мен Шамның ең ұлы сұлтандарының бірі ретінде тарихта қалды. Қыпшақ даласында туған ол жас

кезінде құлдыққа түсіп, сол арқылы билік шыңына бастар жолға аяқ басты. Мысырда әскери мектептен өткен Бейбарыс сирек кездесетін қабілеттерін көрсетіп, мәмлүк әскерінде тез көзге түсті. Оның алғашқы ірі жеңісі 1250 жылы Әл-Мансура шайқасында болды, ол француз патшасы Людовик IX әскерін талқандап, патшаның өзін тұтқынға алды. Көп ұзамай мәмлүктер Айюбилер әулетін тақтан тайдырып, Бейбарыс сұлтан тағына отырды.

Тақта отырған кезінде ол тек қолбасшы ғана емес, мемлекет қайраткері ретінде де танылды. Бейбарыс монғолдар қиратқан қамалдарды қалпына келтіріп, әскерді күшейтті, флот құрды және Мысырды Шаммен біріктіре алды. Оның билігі кезінде мәмлүк сұлтаны крест жорықшылары мен монғолдарға төтеп бере алатын Таяу Шығыстағы басты күшке айналды.

Бейбарыстан бұрын да түркі мәмлүктерінің ішінде тарихта айтарлықтай із қалдырған тұлғалар болған. Солардың алғашқыларының бірі – Тулун, ол Аббасидтер тұсында Бұхарада өзкіл қызметін атқарған. Уақыт өте келе түркілер басқа нөкерлерден ерекшеленіп, Самаррада біртұтас әскери қауымдастық құрды. Дәл осы кезде олардың тұрақты жаттығулар мен әскери шеберлікті дамытуға негізделген ғұламдар тайпасы арасындағы үстемдігі басталды.

Мәмлүк әскерінің гүлденген дәуірі Мысырдағы қыпшақ кезеңіне тұспа-тұс келді. Исламды қабылдап, мұсылман билеушілеріне қызмет еткенмен, олар көшпелі салттарының бір бөлігін сақтап қалды: қымыз ішіп, жылқы етін жеді. Бұл әдеттер мұсылман қоғамына жат көрінгенімен, қыпшақтар үшін өз болмысының белгісі болып қала берді. Мысырда билікке келгенге дейін-ақ қыпшақтар мұсылман мемлекеттерін басқаруда тәжірибе жинаған еді. Мәселен, XI ғасырдың соңында қыпшақ өкілі Акинчин Хорезм шахы ата-нып, бұл туралы Тахир әл-Марвази жазған. 1210 жылы Үндістанда қыпшақ Шамс ад-Дин Ильтутмыш Солтүстік Үндістанға бірнеше онжылдық билік еткен Шамсия әулетінің негізін қалады. Әзірбайжанда болса, селжұқтар әскеріндегі қарапайым жауынгер Шамс ад-Дин Ильденіз атабекбилеуші дәрежесіне дейін көтеріліп, тұтас әулеттің бастауына айналды.

XIII ғасырдағы жеңілістер қыпшақтар үшін жаппай тұтқынға түсуімен аяқталды. Олардың көбін Хорезм мен Дамаск арқылы құлдыққа сатып жіберді. Солардың арасында кейін Мысыр сұлтаны атанған Құттыз да бар еді. Оны сатып алып, Ніл аңғарына әкелген. Мұнда түркі құлдарын «бахриттер» деп атады. Бұл атау олардың әскери тұрақтары орналасқан Нілдегі аралдан шыққан. Осылайша, қадам-қадаммен түркі-қыпшақтар көшпенді жауынгерлер мен құлдардан тұтас мемлекеттердің билеушілеріне айналды. Олардың жолы – дала халқының құлдық сынақтарын биікке көтерілу мүмкіндігіне айналдырып, мұсылман әлемінде басты орын ала алғанының тарихы.

**Ақниет ЖАРЫЛҚАСЫН,**  
«Ұлы Дала Елі» орталығының  
қызметкері

## ТАРИХИ САНА

### ҚАЗАҚТЫҢ ЖАННА Д'АРКИ: «КӨКТЕМІР КӨТЕРІЛІСІН» БАСҚАРҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ КІМ?



1775 жылы Е.Пугачев бүлігі жанышталған соң, көтерілісшілерге дем берді деген желеумен патша әскері Жайық бойындағы казак-орыстарды, арғы беттегі калмақтар мен терістіктегі башқұрттарды, ішкі тараптағы мордва, чуваш, черемістермен қатар қазақ рулары – табын, тама, байбақты, жағалбайлы, шекті, кердері т.б. жазалауды қарастырады. Бұл міндет атақты қолбасшы Суворов басқарған әскерге жүктеледі. Дәл осы қарсаңда, яғни 1775 жылдың қыркүйек айында Елек, Қобда сағасында отырған қазақ рулары жазалаушыларға қарсылық танытып, атқа қонады. Бұл оқиға тарихта "Көктемір көтерілісі" деген атқа ие. Осы жойқын толқуды басқарған адам – Сапура Мәтенқызы.

Зерттеуші қаламгер Әнес Сарай 1997 жылы ақпан айында "Қазақстан әйелдері" журналында жарық көрген мақаласында, Сапура 1753 жылы қазіргі Ақтөбе облысының жері – Қобда бойында туды деген деректі алға тартады. Бұл нұсқаны белгілі қаламгер Әбіш Кекілбаев та мақұлдайды. Жазушы Әнес Сарайдың жазуы бойынша Сапура 17 жасында тұрмысқа шыққан. Бірақ күйеуі 1771 жылғы Еділ калмақтарының шаңды жорығында қаза тауып, жесір келіншек әменгерлік жолмен қайынысы Жанбалтаның етегінен ұстапты.

Бастауында Сапура тұрған көтеріліс бірте-бірте кең қанат жая бастайды. Алайда бұл ұлт-азаттық қозғалысының болашағына сенбеген немесе патша өкіметінің қаһарынан сескенген топтар өзара ыдырап, сыр бере бастайды. Мәселен, Досалы сұлтан бұл құрамнан ірге айырып, Орынбор губернаторы Рейнедорфқа хат жолдап, ақтала бастайды. Тіпті көтерілісшілердің қарқынын басу үшін қырға жазалаушы отряд шығару керектігін де айтады. Араға аз уақыт салып оның баласы Сейдалы сұлтан да көтерілісшілер қатарынан жылыстайды. Нұралы хан да көтерілісті құптай қоймайды. Өзінің арнайы өкілін жіберіп, бекерге қан төгудің қажетсіздігін ескертеді.

1776 жылдың көктемінде Сапураның жасағы саны 10 мыңға дейін жетеді. Қазақтың батыл қызы алған бетінен қайтпайды, патшалық езгіге қарсы күресті жалғастыруды жөн деп табады. Бұл кезеңде патша жағы да қарап жатпай, Қобда бойында орналасқан көтерілісшілер шабуыл жасауы мүмкін деген қамалдарды бекітіп, тың күшпен нығайта бастайды.

Сапура бұл ретте партизандық шабуылдың тиімділігін ұғынады. Ол жасақты көзге көрінетіндей етіп бір жерге топтамай, жеңіл күшпен қамсыз отырған қамалдарға тосыннан шабуыл жасап отырған. Чернореченский, Елек қамалдарын бара жатқан жолдарынан қайта қайырылып келіп, шабуыл жасаса, Верхнеуральский, Қызыл, Таналық, Ор, Ильин, Гурьев қамалдарына кенеттен лап қойып, оны қорғаушыларын әбден састырады. Көтерілісшілер Суворов басқарған жазалаушыларды талай рет сан соқтырған. Шабуылдардың күтпеген жерден жасалғаны соншалық, көрші қамалдардың әскерлері бір-біріне көмекке келіп те үлгермейді.

Бұл оқиға жайлы Суворовтың 1775 жылы 22 маусымда генерал П.И.Панинге жазған хаты бар ("Қазақстан әйелдері" журналы, № 2, 1997). Тып-тыныш жатқан қазақтың кенет дүрлігуі патша ағзамның ұйқысын бұзып, ол Орынбор губернаторы Рейнедорфқа мәселені тез арада жөнге келтір деген тапсырма жүктейді. Губернатор болса әуелі көтерілістің қалай пайда болғанын білу үшін жасауыл татарлар Ғұбайдулла Адгамов пен Рақымқұл Ибраевты қазақтардың ішіне жансыз етіп жұмсайды (Табыл Құлыяс, "Қағаз қайық", Астана. Фолиант, 2015. – 141). Тыңшылар сол кездегі кіші орда билеушісі Нұралы ханның көмегімен көтерілісті "Көрінбес Көктемір" деген атпен басқарып отырған 22 жастағы келіншек Сапура Мәтенқызы екенін анықтайды.

1776 жылдың жаз айларының орта тұсында көтеріліс дабысы сап тылады. Өкінішке қарай, архив құжаттарында бұл туралы айтылмайды. Оған себеп, Көктемір – Сапураның мезгілсіз қайтыс болуы дейді зерттеушілер. Осылай халқының азаттығы үшін өзінің төменетек әйел екенін авантюралық түрде жасырып, ел басқаруға мәжбүр болған батыр апамыз тарихтан өтіпті.

Жазушы Жақау Дәуренбеков "Көктемір" атты тарихи романында қаһарман қыз Сапура Мәтенқызын француздың батыр бойжеткені Жанна д'Аркке теңейді. Қандай ұқсастық десеңізші... Екеуі де жатжерліктерге қарсы шайқасқан. Бірі – орыс, екіншісі – ағылшындарға. Көтеріліске шыққан кездері де бір уақыт. XVIII ғасырдың 70-жылдары. Екеуі де қара халық өкілі.

**Есбол АСЫЛБЕКОВ**



**Фибрат**

**ҰРЫНЫҢ БЕЙНЕСІ**



Венгерлік Арпад Себеси атты жас суретші Элмер Келен деген миллиардермен келісімге отырып, оның портретін салатын болыпты. Суретші үшін бұл аса ауыр жұмыс болған екен. Себебі, миллиардер өте сараң адам болғандықтан баржоғы үш-ақ рет суретшіге көрініпті де, қайтадан жүзімді көрсетпеймін деген екен. Сонымен жас суретші оны көз алдына елестетіп, аса көп күш-қуаты мен талантын жұмсап бейнесін салыпты. Суретші осынша еңбек шығарып, еңбегімді табысты аяқтадым деп қуанып, миллиардерге салған суретін көрсеткенде ол портретті көріп: «Бұл портрет маған еш ұқсамайды, сондықтан сатып алмаймын», – деп бас тартыпты. Суретші не істерін білмей, біраз ойланады да ақыры: «Олай болса сіз мына қағазға «Бұл портрет маған еш ұқсамайтындықтан алудан бас тартамын» деп жазып, қол қойып беріңіз!» – деп тілек білдіріпті. Миллиардер да осылай оңай құтылғанына қуанып, айтқан қағазын жазып беріп тайып тұрды.

Осы оқиғадан кейін бірнеше ай өткен соң венгриялық суретшілер одағы Будапешттегі көркем сурет галереясына көрме ұйымдастырған екен. Бұл көрме ашылғаннан кейін


халық шулап, миллиардердің телефоны да үздіксіз шырылдай берсе керек. Содан әлгі миллиардер көрмеге барып қараса өзінің портреті «Ұрының бейнесі» деген атпен ілініп қойылыпты. Миллиардер терісіне сыймай ашуланып, суретті тез алып тастауды бұйырғанымен галерея бастығы рұқсат етпейті. Миллиардер одан әрмен ызаға булығып: «Адамды мазақ қылып, оның атақабыйройына нұқсан келтіргендіктен сотқа беремін!» – депті. Сонда оны естіген галерея директоры: «Сіз өзіңіз «Бұл сурет маған ұқсамайтындықтан еңбекақысын беруден бас тартамын» деп қағазға қол қойып берген екенсіз», – деп ескерткенде, миллиардерге портретті сатып алудан басқа жол қалмапты. Бірақ, бір қызығы, ол портрет алғашқы бағасынан он есе артық бағаланып сатылыпты. Осылайша адамшылықтан кетіп, біреудің еңбегін жоққа шығарған миллиардер он есе артық шығынға батқан екен.

Осы орайда қасиетті Құранда «Біреулерге жасаған шаңның тозаңындай жақсылықтарыңның да, жаманшылықтарыңның да жауабы қайтарылады» деген мағынада аяттары бар екені еске түседі.

**А.ТОЙШЫБАЙҰЛЫ**

**Қаперіңізде жүрсін**

Сарып немесе сал ауру (бруцеллез) – адамдарға ауру малдан жұғатын, адам денесінің буын, жүйке, жыныс мүшелерінің зақымдануына әкеліп соғатын аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Аурудың қоздырғышы (бруцелла) сыртқы ортаның әсеріне өте шыдамды келеді: сүт өнімдерінде 25 күнге дейін сақталып, мал терісінде 3-4 ай, суда 5 ай, топырақта 2-3 ай өмір сүрсе, салқын жерде ұзақ сақталады. Ауру малдардың ішіндегі ең қауіптісі – уақ мал (қой мен ешкі).



**САРЫП САРСАҢҒА САЛМАСЫН ДЕСЕҢІЗ...**

Ауру қоздырғыштары адам денесіне әсіресе, мал төлдету, оны бағып-қағу, ауру малды сою, жіліктеу немесе жүнін қырку кезінде тері арқылы енеді. Ал күнделікті тұрмыста ауырған малдың қайнатылмаған сүтін ішкенде, сола сүттен дайындалған қаймақ, сарымай, ірімшік, шала пісірілген ет тағамдарын пайдаланғанда жұғады.

Сарып ауруының негізгі белгілері ауру жұқтырғаннан кейін 7-10 күн өткен соң біліне бастайды: адам өзінің жағдайының нашарлап, тез шаршап, тамаққа зауқы соқпай, басы ауырып, дел-сал болып, бойының ауыр тартқанын сезеді. Емделмеген жағдайда ауру күшейіп, науқастың дене қызуы 38-39 градусқа дейін көтеріліп, қол-аяғы сырқырап, белі ауырып, түнге қарай малшынып терлеп, ұйқысы бұзылып, мойын, қолтық асты, шабының бөздері ісіп ауырады. Дәрігерлерге көрінбей, өзінше емделген жағдайда ауру созылмалы түрге айналып, науқас адамның белі шойыртылып, қол-аяқ буындары ісіп, қозғалтпай ауырып, әрең бүгілетін болады. Буын-буындарға сары су толып, буындардың қалыпты түрі өзгереді. Ауру 2-3 жылдан көп жылға дейін созылып, кейбіреулер жұмысқа жарамай сал, мүгедек болып қалуы мүмкін. Сарып ауруының осындай зардабын біле тұра ауырған малдармен қатынаста болғандар арнайы медициналық тексерістен өтуді жөн санамай, бас тартып жатады.

Мал арасында аурудың негізгі белгілері: малдың ақсап жүруі, аяқ буындарының ісінуі, көбінесе саулық малдың желініне ісік пайда болуы, іш тастауы, еркек малдардың енінің ұлғаюы. Осы сияқты өзгерістер байқалғанда мал иелері міндетті түрде жылдам мал дәрігеріне хабарлауы керек.

**Сарыптан сақтанудың жолдары қандай?** Сарыптың тек ауру малдардан немесе мал өнімдерінен жұғатынын ескерсек, бірінші кезекте сақтану шара-

ларын аурудың көзі болып табылатын себептерді жоюдан бастаған жөн. Ол үшін жекеменшік мал иелері мен шағын шаруашылық басшылары жергілікті әкімдермен, мал дәрігерлерімен бірлесіп, қожалықтағы немесе жеке меншіктегі барлық мал басын түгелдей есепке алып, уақытында ауру-сауын тексеріп отыруы керек.

**Сарыптың алғашқы клиникалық белгілері:** аурудың клиникалық белгілері біртіндеп басталады. Науқаста дене қызуы көтеріліп, қалтырау мен тершендік байқалады. Әсіресе, науқастың дене қызуы кешкілік мезгілде көтеріледі. Науқастың жалпы жағдайы қанағаттанарлық болады да, дәрігерлерге қаралмай жүре береді. Бірақ, бұл жағдай ұзаққа созылып (бірнеше аптадан 3 айға дейін), науқас дене салмағын жоғалтады. Негізінен буындар ауырып, бұлшық еттер мен жүйке жүйелері зақымданады. Жыныс мүшелеріне әсер еткен жағдайда ерлерде орхитке, әйелдерде түсік тастауға, жатырдың қабынуына, мастит ауруларына әкеліп соқтырады. Ал балалар мен жасөспірімдерді белсіздік ауруымен зақымдауы мүмкін. Сондықтан дер кезінде дәрігерге қаралмаған жағдайда бруцеллез асқынып, мүгедектікке әкеліп соқтырады.

**Аурудан сақтану жолдары:** ең алдымен ауру малдың көзін тез арада жою қажет. Малды төлдету кезінде сактық үшін арнайы қолғап, аяқ киім киген дұрыс, қолды сабынмен екі қайтара жуып, залалсыздандыру керек. Сонымен қатар сапалы өңдеуден өткен ет, сүт өнімдерін тұтыну қажет. Ауладағы малдың арасында түсік тастау, өлі туу жағдайын дереу мал дәрігеріне хабарлау керек. Әр отбасы мал дәрігерімен тығыз байланыста болғаны абзал.

**Е.РЫСҚҰЛОВ,**  
Шымкент бөлімшелік көліктегі СЭББ басшысы

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Шымкент әуежайы» акционерлік қоғамы «Шымкент қаласының әуежайында ЖҰҚЖ-2, такси жолдары құрылысымен әуеайлақты қайта құру» жұмыс жобасына, Атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындыларының нормативтері бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Тыңдау 2025 жылғы 7 қараша, сағат 15:00-де Шымкент қ., Абай ауданы, Бакбаев к-сі, 51/3, 1-қабат, VIP залы.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Онлайн режимде қоғамдық тыңдауларға қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/88512141666?pwd=X9UxClLisj5b0Fj9SavT2wuqYb6KrV.1> конференция идентификаторы: 885 1214 1666. Кіру коды: C8w8Br. Онлайн-режимде қоғамдық тыңдауларға қосылуға сілтемені келесі электрондық пошта бойынша сұратуға болады: [iporken@inbox.ru](mailto:iporken@inbox.ru).

Белгіленген қызмет бастамашысының

деректемелері мен байланыс деректері: «Шымкент әуежайы» АҚ, заңды мекенжайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Бакбаев көшесі, 51/3. БСН 970140000162.

Тапсырыс берушінің ескертулер мен ұсыныстар қабылдайтын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайы: [reception@airserv.kz](mailto:reception@airserv.kz).

Құжаттаманы әзірлеуші: «Оркен» ЖК, +7/701/8474319, [iporken@inbox.ru](mailto:iporken@inbox.ru)

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ndbecology.gov.kz>) танысуға болады.

Жобаларға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: [iporken@inbox.ru](mailto:iporken@inbox.ru), тел. 8-701-847-4319

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Шымкент қаласының қалалық жайлы органы дамыту басқармасы» ММ-де қабылданады, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Тауке Хан даңғылы, 6, эл.пошта: [g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz](mailto:g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz), тел. 8(7252) 53-02-75.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

Акционерное общество «Аэропорт Шымкент» планирует проведение общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту Нормативы допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу к рабочему проекту «Реконструкция аэродрома со строительством ИВП-2, рулежных дорожек в аэропорту г. Шымкент».

Слушания состоятся 7 ноября 2025 года, в 15:00 часов, по адресу г. Шымкент, Абайский район, ул. Бакбаева 51/3, этаж 1, VIP зал.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на подключение к общественным слушаниям в онлайн-режиме: <https://us05web.zoom.us/j/88512141666?pwd=X9UxClLisj5b0Fj9SavT2wuqYb6KrV.1>

Идентификатор конференции: 885 1214 1666. Код доступа: C8w8Br. Ссылку на подключение к общественным слушаниям в онлайн-режиме можно запросить по электронной почте: [iporken@inbox.ru](mailto:iporken@inbox.ru).

Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: АО «Аэропорт Шымкент», юр. адрес: г. Шымкент, Абайский район, ул. Бакбаева 51/3. БИН 970140000162.

Адрес интернет-ресурса или электронной почты заказчика, где принимаются замечания и предложения: [reception@airserv.kz](mailto:reception@airserv.kz).

Разработчик документации: ИП «Оркен», +7/701/8474319, [iporken@inbox.ru](mailto:iporken@inbox.ru)

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>).

Дополнительную информацию, относящуюся к проектам, можно получить по электронной почте: [iporken@inbox.ru](mailto:iporken@inbox.ru), тел. 8-701-847-4319.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», по адресу: г. Шымкент, проспект Тауке Хана, 6, эл.адрес: [g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz](mailto:g.ermekbaeva@shymkent.gov.kz), тел. 8(7252) 53-02-75.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: [kyzmet\\_kz@mail.ru](mailto:kyzmet_kz@mail.ru)

**ҚЫЗМЕТ**  
